

Тіл тағдыры - ұлт тағдыры

Қараша айының 28 жұлдызында облыстық Н.В.Гоголь атындағы ғылыми-әмбебап кітапханада облыстық Тілдерді дамыту басқармасы, облыстық Мәдениет департаменті мен Н.В.Гоголь атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапхана «Қазақ тілі және ақпарат» атты семинар аясындағы 20 қазан - 20 қараша аралығында облыс көлемінде өткізілген «Мен қазақ тілінде оқимын» атты акция қорытындысына арналған мәдени шара өткізді.

ның 331-і М.Әуезовтің, 20-сы М.Шахановтың, 192-сі Абайдың, 157-сі С.Сейфуллиннің, 151-і І.Есенберлиннің есімдерін атаған.

«Қазақ тіліндегі ең сүйікті кітабым жайлы сөз» атты эсселер байқауына қаладан, ауданнан, ауылдан барлығы 90 оқырман қатысты. Осы жерде біз оқырмандардан ең сүйікті кітабы жайлы жазылған эсселерді ұйымдастыра білген қаладағы, елді мекендердегі кітапханашылардың жасаған еңбегін ризашылықпен атап өткеніміз абзал. Тұрмысымызға түрлі озық техникалардың

ой-толғанысын таспаға түсіріп алған.

«Қазақ тіліндегі ең сүйікті кітабым жайлы сөз» байқауына әр жас шамасындағы оқырмандар қатысқан. Дәлірек айтқанда, 14 жастағы баладан бастап 75 жастағы қартқа шейін бар. Қызметтері де қилы-қилы. Бірі оқушы, студент, бірі мұғалім, бірі журналист, бірі зейнеткер... Оның ішінде дананың сөзін айтқан бала да бар. «Ақыл - жастан...» деп тегін айтпаған ғой. Ұлағатқа толы сөз айтқан үлкендер де бар. Осының бәрін ескере отырып, қазылар алқасының төрағасы, Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың аға оқытушысы, филология ғылымдарының докторы Берік

облыстық дарынды балалар мектеп-интернатының 10-сынып оқушысы Назерке Жұмабаева және Балқаш гуманитарлық-техникалық университетінің 3-курс студенті Бөлеген Жанболатқа бұйырды. «Әдеби толғанис» номинациясының жүлдегері Ақтоғай ауданының тұрғыны Николай Вибрихович пен облыстық зағиптар кітапханасының оқырманы, балқаштық Әсет Мergenбаев иеленді. Ал «Жас қауырсын» номинациясының жеңімпаздары қаладағы Ж.Жабаев атындағы №7 облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныпты гимназия-интернат мектебінің оқушылары

«МЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚИМЫН»

АКЦИЯСЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНЫ



Мәдени шараға қала, аудан, ауылдарда тұратын кітапханашылар, оқырмандар қатысты. Алғашқы сөз кезегін облыстық Тілдерді дамыту басқармасының бастығы Бақытқали Мұсабеков алып, мемлекеттік тіл туралы толғанысын ортаға салды.

Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың оқытушысы, ғалым Сағынбай Жұмағұл қазақ тарихы беттерінде ана тілінде өзіндік ой өрнегін қалдырған Алаш азаматтарының атқарған істеріне шолужасай отырып, ана тілі жөнінде тұшымды ойларын оқырманға жеткізді.

Акция қорытындысы бойынша: «Қазақ тіліндегі ең жақсы, сүйікті кітап» сауалнамасына 253 адам М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы, 89 адам І.Есенберлиннің «Көшпенділер» кітабы, 51 адам Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» кітабы деп жауап берген.

«Қазақ тіліндегі ең жақсы, сүйікті газет» сауалнамасына 1084 оқырман қатысыпты. Оның 234-і «Жас Алаш» газеті, 195-і «Орталық Қазақстан» газеті, 173-і «Егемен Қазақстан» газеті, 76 адам «Ана тілі» газеті, 66 адам «Қазақ әдебиеті» газеті деп жауап берген.

«Қазақ тіліндегі ең жақсы журнал» сауалнамасына 1084 оқырман қатысқан. «Қазақстан әйелдеріне» 237 адам, «Жұлдызға» - 143, «Парасатқа» - 116, «Жалынға» - 91, «Айгөлекке» - 53, «Денсаулыққа» - 41, «Ақиқатқа» - 34, «Азия-Транзитке» - 18, «Балдырғанға» - 16, «Мөлдір бұлаққа» - 14, «Шапағат-Нұрға» - 14 адам дауыс берген.

«Сіз қазақ тілінде оқисыз ба?» деген сауал 5 телеарнада өткізілген. Бұл интер-сауалнамаға: «Иә, оқимын» дегендер саны - 671 адам болса, «Жоқ, оқымаймын» дегендер саны 621 адам болған. Қалай десе де қазақтілінде кітап оқитындар қатары басымдау болғаны көңіл қуантады.

Қазақ тілінде жазатын ең танымал 5 жазушы» интер-сауалнамасына 754 адам жауап берген. Со-

еңуіне байланысты бүгінгінің балалары кітап оқуды азайтып жібергені жасырын емес. Жас ұрпақтың кітап бетін парақтамайтыны кезі ашық, көкірегі ояу үлкендерге ой салып, алаңдаушылық туғызуда. Білімнің кезі кітапта екені әлімсақтан белгілі. Кітап оқымаған жан-рухани мүгедек жан. Сондықтан «Мен қазақ тілінде оқимын» акциясын ұйымдастырушылар осынау көкейкесті мәселені өте орынды көтеріп отыр.

Осы мәдени шараның тартымды, мағыналы өтуіне Н.Гоголь атындағы ОҒӘК-ның қызметкерлері Нұрбану Быхиянқызы, Рахат Орынбекқызы, Нұрғамила Асанова, облыстық Тілдерді дамыту басқармасының қызметкері Құралай Дәрібаевалар тынымсыз ізденіп, көп іс тындырыпты. Қаладағы мектептерге барып жоғарыда тілге тиек еткен сауалнамаларды жүргізіп, түрлі мекеме, сауда орындарына барып жергілікті ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген пікірін,

Рақымов «Жүзден жүйрік» деп танылған оқырмандардың өзгелерден не себепті озық шыққанына шұрайлы тілмен түсінік бере кетті.

Сонымен, алқа мүшелері ақылдаса келе төмендегі оқырмандарға мынадай бағасын берді:

Бас бәйгені ҚарМУ-дың филология факультетінің 3-курс студенті Керімсал Кеңесбекұлы қанжығасына байлады. I-орынды Бұқар жырау ауданы Ботақара кентінің тұрғыны Қалиасқар Шыныбектегі, II орынды Сәтбаев қаласындағы С.Сейфуллин атындағы гимназияның 10-сынып оқушысы Әйгерім Ибраева, III орынды да осы мектептің оқушысы Шұға Шүкенова иеленді.

Саягүл Тойшыбекова, Диана Мыржықбаева, қаладағы №18 жалпы білім беретін орта мектептің 9 сынып оқушысы Жібек Қадырғанбекова деп танылды. Осы аты-жөні аталған жүйріктердің он екісіне бағалы сыйлық, оның ішінде 9 заттай сыйлық, 3 кітап сыйға тартылды.

Байқауда бақ сынаған 90 үміткердің қалған 18-і «Алғыс хатпен» марапатталды.

Аталмыш мәдени шараға Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ, «Болашақ» маңызды білім беру институты, М.Жұмабаев атындағы №39 мектеп-гимназиясы, №18 жалпы білім беретін орта мектеп, №92 мектеп-гимназия, Н.Нұрмақов атындағы №2 об-



8 оқырман төмендегі номинациялар бойынша бағалы сыйлықтарға ие болды. «Ең кітапқұмар оқырман» номинациясы бойынша Ақтоғай аудандық «Тоқырауын тынысы» газетінің қызметкері Мүсіркеп Сейітахмет, «Ең сүйікті кітабым» номинациясы бойынша Н.Нұрмақов атындағы №2 мамандандырылған

лыстық дарынды балалар мектеп-интернаты, «Мұрагер» және «Дарын» мектептері белсене атсалысып қатысты. Байқау барысында тарихи тақырыптағы мәдени мұраларды арқау еткен кітаптарды қызыға оқыған оқушылардың барлығына қуандық. Олардың қазақ халқының өткені мен бүгінгісін білсем деген талаптары жүрекке нұр құйды. М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Ф.Мүсіреповтің, Ж.Аймауытовтың, І.Есенберлиннің, Ә.Нұршайықовтың, Қ.Жұмаділовтің, Б.Соқпақбаевтың шығармашылығына қалам тербегендер қатары көп екен. «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы...» деп ұлы Абай айтқандай, поэзия кітаптары жайлы ой-толғаныстарын ортаға салған оқырман да жетерлік. Олар кітаптан алған әсерін еңгімелеп қана қоймай, өздерінің кітаптан үлкен үлгі-өнеге алатынын, өмірінің шамшырағы іспетті екенін айтып, сыр бөліседі. Қалай десе де, адам кітаптан білімнің жан-жақты толықтырып, рухани азық алатыны ақиқат. Демек, бұл акцияның облыс оқырмандарына берер тәлімі мол болды. Алдағы уақытта да жақсы іс жалғасын таба берсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Жұлдыз ТОЙБЕК,
қазылар алқасының мүшесі.

СУРЕТТЕ: мәдени шарадан көріністер.

